

## Е.К. Дүйсебай<sup>1</sup>, Ж.Қ. Кенже<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

### Авторлар жайлы ақпарат:

Дүйсебай Есболат Құлсабырұлы – сәулет докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<https://orcid.org/0000-0003-4811-1060>, e-mail: [d\\_esbolat\\_k@mail.ru](mailto:d_esbolat_k@mail.ru)

Кенже Жазира Қуатбекқызы – «Сәулет» кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<https://orcid.org/0000-0003-1373-7952>, e-mail: [kzhazira95k@mail.ru](mailto:kzhazira95k@mail.ru)

## АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ – ҚАЗАҚ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ЖӘУЪӘРІ

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстанның XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің бірегей ескерткіші, Айша бибі кесенесі және оның сәулеттік келбеті, көркем бейнесі жайында жазылады. Кесененің ерекшеліктері мен қайталанбас сәулеттік сипаты: сыртқы керегелерін толық жаба көмкеріп қиыстырған таза қазақи ою-өрнектер мен жазулар, сымбатты сұлу қыз бейнесіне сай сәулет-композициялық шешімі туралы баяндалады.

**Түйін сөздер:** Айша бибі кесенесі, сәулеттік бейне, сәулет нысаны, ою өрнек, мемориал, теракоталық қаптама, теракоталық тақтайшалар, декоративті материал.

### Кіріспе

Айша бибі кесенесі XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші болып табылады. Ол Жамбыл облысы Жамбыл ауданында Айша бибі ауылында орналасқан. Тарихи деректер бойынша Кесене құрылысын 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938-1939 жылы А.Н. Бернштам, 1953 жылы Т.Қ. Бәсенов бастаған Қазақстан ғылым академиясының экспедициясы зерттегені белгілі. Кесене бірнеше рет қалпына келтірілді [1] (1-сурет).



1-сурет – Айша-Бибі және Бабаджа хатун кесенесі  
[Ақпарат көзі: <https://ru.dreamstime.com/%D1>]


## Материалдар мен әдістер

Кесененің жалпы сипаттамасы – центрлік, төртбұрышты құрылыс. Ескерткіш – қатаң центристік нысанның классикалық үлгісі болып табылады. Көлемі мен конфигурациясы бірдей төрт осьтік, аркамен көмкерілген ойық төрт бірдей қасбеттің орталарын құрайды. Қабырғалары 7,7 м болатын, текшелей көмкерілген тік бұрышты, күйдірілген қыш кірпіштен тұрғызылған ескерткіштің ішкі өлшемі 6,8×6,8 м, биіктігі 5 м-ден астам. Кесененің ішкі көлемінің орталығында қабір тас орнатылған. Кіреберіс шығыс бөлігінде.

Қасбеті мен 2 қапталы бір-біріне ұқсас, ою-өрнекті кірпіштен мәнерлеп қаланған. Ішке кірер есік шығыс жақ қабырғасында, жоғары жағы сүйір аркалы. Сәулет өнерінде қолданылып жүрген «арка» халықаралық терминнің түп негізі қазақ тіліндегі арқа деген түсініктен туындаған болуы ықтимал. Себебі оның («арка»-ның) атқаратын қызметі үстіндегі салмақты арқасына көтеріп тұру міндетінде.

Кесененің жалпы құрлымы бойынша негізгі төрт қабырғалар, төбеде сегіз қырлы барабанға ауысатын тромп белдеуге айналып жасалған. Оның үстінен, конус тәрізді күмбездің ішкі еңсенің 16 қырлы тұғыры басталады. Нәтижесінде ол ұлттық бас киім – сәукелеге ұқсас конустық пішінде салынған күмбезбен келісімді қиылса шоқталған. Кесененің керегелері екі жағынан жартылай доғал ауқымды бағандармен көмкерілген. Бұл бағандар кимешек киген сымбатты келіншектердің кейпін беріп, сәукеле киген қызды екі жағынан демеп әкеле жатқандай бейне беріп, кесененің философиялық мағанасын көркем тілмен жеткізген сәулеттік туынды.

Кіре берісі сүйір аркаменен безендірілген маңдайша, екі жағында ерекше пішінді екі колонна бар [2] (2-сурет). Ол колонналар Орта Азияда өте сирек кездесетін жартылай дөңгелек тәріздес, қазақ оюларымен қиыстырыла жасалған.



2-сурет – Айша-Бибі кесенесінің бас қасбеті  
[Ақпарат көзі: <https://kk.wikipedia.org/wiki>]

Жалпы композиция сол кездегі X – XI ғасырлардағы Ислам архитектурасындағы композициялық шешімдерге ұқсас. Осы тұста ерекше сараптауды қажет ететін – колонналардың төбесін көмкеріп тұрған капительдері. Бұл капительдер – жалпы көлемі квадратқа сыйғызылған, әр бетінде жүрекше тәріздес пішіннің іші қазақ оюы қиыстырылған, раушан гүлге ұқсас бірегей ойлап табылған сәулеттік туынды. Осы капительдің қырлары қасынан қарағанда иреленген жылан сияқты, ал жанынан қараса аузы ашылып тұрған кобраны елестететін пішін көрінеді. Бұл аллегориялық символ – Айшаны сәукеледен жылан шығып, шағып өлтіргенін бейнеленіп тұрған тәрізді. Капител еуропалық классика түсінігіндегі архитектуроналық орны, немесе ислам сәулеттік тіліндегі әшекейлік міндетін атқара тұрып, ерекше қазақи сымбатта мүсінделген теңдесі жоқ үйлесімге ие шығарма. Болашақ қазақ сәулетінің көркемдік тілін қалыптастыруда бұл туындының алатын орны зор, сондықтан ерекше зерделеп түсіне зерттеуді және эстетикалық мәнін болашақ сәулет өнерінде дамыта қолдануды талап етеді [3] (3-сурет).



3-сурет – Кесененің кіре берісіндегі колонна  
[Ақпарат көзі: [https://www.youtube.com/watch?v=0\\_EaH3qdI4k%](https://www.youtube.com/watch?v=0_EaH3qdI4k%)]

Кесененің қабырғалары бірнеше жиектермен көмкерілген өрнекті бөліктен тұрады және керегенің қалыңдығы 80 см: ішкі бөлігі – үзілістер, сырты - оюланған өрнектері бар беті қыш тақталар тәрізді ерекше пішінді кірпіштерден қаланған. Осы күрделі пішінді кірпіштерден қаланған қабырғаның ортасындағы орын ақаулы плиталардың сынықтарымен толтыра қиуластырып сазбен байланған.



### Нәтижелер және талқылау

Айша Бибі кесененің ерекше сәулет құндылығы қазақ ою-өрнегін толыққанды пайдалана отырып, кесененің көркемдік бейнесі нәзік қыз сымбатын елестететін кейіпте құрылған. Сол заманда өмір сүрген қазақ сәулетшісінің шеберлігі – бұл кесене нәзік пендеге тұрғызылған мәңгілік ескерткіш екенін сәулет тілімен жеткізуінде.

Мазар өзінің рухани мақсатына сәйкес әйгілі Үндістанның Мумтаз Махал мазары, Тадж-Махал деген атпен танымал, Португалиядағы Санта-Мария-де-Алкобас монастырына, Жапонияның Химегай ғибадатханасына ұқсас. Олардың барлығы нәзік сезімдердің құрметіне тұрғызылған.

Сырты күйдірілген өрнекті қыш тақта болып келетін ерекше кірпіштен қаланып, әр тақтайша бетіне қазақтың оюы қолдан ойылып салынған. Ескерткішті қалаған кірпіштердің пішіндері мен өрнектерінің әртүрлілігінің өзі таң қалдырады. Атап айтатын мағұлыматтың бірі, ол кесене өрнектерінде тек ежелгі қазақ тайпаларының санасында қалыптасқан ою-өрнек өнерінің дәстүрлі түрлері қолданылған. Оларға андрон және сақ тайпаларының өнеріне оралатын геометриялық, зооморфтық және солярлық мотивтер кіреді. Осы өрнектердің біздің эрамызға дейінгі заманнан ұлттық графика символы ретінде Орта ғасырлық сәулет туындысында Айша Бибі кесенесінде айқын қолданылып біздің ХХІ ғасырда сол қалпында ұлттық өнерде сақталуы, біздің ойымызша, эстетикалық санадағы дәстүр сабақтастығы және баға жетпес мәдени мұра екендігі хәл.

Олар қыш күйдірілмей тұрып, саз балшық бетіне пышақпен ойылып жасалған бұл оюлар бір-бірімен қиылысып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипат, композициялық шешім тапқан [4] (4-сурет). Олардың тереңдігі 1 см асады. Осы ою-өрнектер ішінде қосу белгісі тәріздес (крест) 4 ұшты пішін мен 8 қырлы тақтайшалар қиылысып ерекше геометриялық өрнек құрайды және бірегей қазақ сәулетіне сай сәндік (стиль) береді. Осындай қисынға негізделген 8 ұшты жұлдыздары бар өрнек әшекей колонналар қапталдарда шебер қолданылған. Бұл сол кездегі ислам дәуіріндегі көркейген қазақ сәулет өнерінің дамыған тұсында салынған діни ескерткіш екендігіне дәлел болып табылады. Бұндай тәсілмен жасалған тақтайшалар ешбір әлемдік тәжірибеде кездеспейді. Бұл тақтайшалар ғимаратқа тек сәндік әшекей ретінде ғана емес, сонымен қатар қабырғалардың бекітетін құрылымдық (конструктивті) элементтері ретінде қолданылған. Мұндай тұтас құйылған әрлегіш тақтайша-кірпіш басқа жерде болған емес. Осы уақытқа дейін кесененің сәулет-құрылымдық ерекшеліктері, салу технологиясы толық зерттеуді қажет етеді.

Кесене қабырғаларын қалауға пайдаланылған кірпіштерінің көлемі 24×24×5 см, демек, құрылыс мұсылман елдеріндегі дәстүрмен тығыз байланысы бар екенінің дәлелі. Қазақ даласында тұрғызылған дәстүрлі мемориалдық ескерткіштердің ішінде Айша Бибі кесенесінің шоқтығы биік, өрнектелуі ерекше, сымбаты салтанатты, жалпақ тілмен айтқанда оған тең келетін туынды жоқ.



4-сурет – Айша-Бибі кесенесіндегі тақтайшалар  
[Ақпарат көзі: <https://ru.dreamstime.com/%D1>]

Заманауи деректерге жүгінсек, қазақ сәулет өнерінде бұндай сәулеттік шешім тек Айша Бибі кесенесінде ғана кездеседі. Осындай шешіммен, осындай көркемдікпенен, осындай сауатты түрде архитектура құру немесе туындау тарихта кездейсоқ құбылыс емес екені даусыз және осындай бірегей шығарма туындау ол бір күннің жұмысы емес екені белгілі. Сондықтан, XII-XIII ғасырлардағы қазақ сәулет өнерінде бұл эстетикалық шешімге ұқсас, осындай құрлыс технологиясы қолданылған архитектура мүмкін басқа да сәулеттік туындыларда пайдаланылған болуы заңды, тек олар біздің заманға дейін сақталмаған шығар. Бізге жеткені тек Айша Бибі кесенесі ғана болуы әбден ықтимал.

### **Қорытынды**

Бұл мағұлыматтан қорытылатын ой, ол заманда қазақ жерінде көркемдік ұстанымы қалыптасқан, әдемілік, сұлулық, сәндік деген эстетикалық түсініктері өздеріне ғана сай, құрылыс технологиясы мен шеберліктері бар сәулетшілер мектебі болған. Осы кесене архитектурасы, олардың эстетикалық саналары мен шығармашылық ой-өрістерінің, білімдері мен шеберліктерінің жеткілікті болғанының куәсі. Мұндай ұлттық эстетикалық ұстаныммен жүйелі түрде бірегей шығарманы сырттан келген сәулетшілер туындауы мүмкін емес екені әлемдік тәжірибеден белгілі.

Жоғарыда айтылған ойды қайталап айтсақ артық болмайды, кесененің өзі жас қыздың бейнесіне ұқсайды. Ол өте әдемі, өте нәзік, өте сымбатты әрі әсем көрінеді. Бұндай терең дәстүрге негізделген шеберлік өте сирек кездеседі, тек қалыптасқан ұлттық сананың талғамынан ғана туындауы мүмкін шығарма екендігі рухани заңдылық. Сегіз ғасырдан астам уақыт ол ерекше мәдени мұра

болып, ғасырлар үндестігінің куәсі ретінде, бұл сәулеттік ескерткіш бүгінгі қазақ мәдениетінің қайта өрлеу (ренесанс) заманында жанымызды жылытып, жаңа шабыт беріп тұр.

Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынды. Қазіргі кезде кесене ЮНЕСКО қорғайтын ескерткіштер қатарына алынған.

Осы мақала аумағында, тарих пен болашақ сәулет өнерінің ой-түйіндерін туындаушы (концептуалист) сәулетшілердің және мақала авторларының атынан, осы баға жетпес ескерткішті қалпына келтіруге қатынасқан шеберлерге, солардың ішінде сәулетші-қалпына келтіруші Абен Итенов пен Нишан Раметовтарға алғыс айтамыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. *Отырар. Энциклопедия. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.*
2. *Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна LTD» ЖШС, 2005. ISBN 9965-26-095-8*
3. *«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. I-том. Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9.*
4. *Aisha bibi mausoleum: the place of a mystery and a legend. [Электрон. ресурс] – 2020. – URL: <https://e-history.kz/en/news/show/7631/> (дата обращения: 15.01.2022).*
5. *Экскурсионные туры по Казахстану. [Электрон. ресурс] – 2020. – URL: <https://tourstokazakhstan.com/index.php?/en/sights/jambyl> (дата обращения: 15.01.2022).*

#### **References:**

1. *Otyrar. Encyclopedia (2005) Almaty: «Arys» baspasy. (in Kaz.)*
2. *Kazakh madenieti Encyclopedialyq anyqtamalyq [Kazakh culture. An encyclopedic reference book] (2005) - Almaty: “Aruna Ltd.” ZhShS, ISBN 9965-26-095-8 (in Kaz.)*
3. *Nysanbaev A. (1998) Kazakhstan: Ultytk encyclopedia [3. "Kazakhstan": National Encyclopedia] – Almaty: "Kazakh Encyclopediasy" I tom ISBN 5-89800-123-9, (in Kaz.)*
4. *Aisha bibi mausoleum: the place of a mystery and a legend. [Elektron. resurs] – 2020. – URL: <https://e-history.kz/en/news/show/7631/>. (in Kaz.)*
5. *Ekskursionnie turi po Kazahstanu. [Elektron. resurs] – 2020. – URL: <https://tourstokazakhstan.com/index.php?/en/sights/jambyl>. (in Kaz.)*

**Е.К. Дүйсебай<sup>1</sup>, Ж.Қ. Кенже<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан

#### **Информация об авторах:**

Дүйсебай Есболат Құлсабырұлы – доктор архитектуры, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

<https://orcid.org/0000-0003-4811-1060>, e-mail: [d\\_esbolat\\_k@mail.ru](mailto:d_esbolat_k@mail.ru)

Кенже Жазира Қуатбекқызы – магистрант кафедры «Архитектура», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

<https://orcid.org/0000-0003-1373-7952>, e-mail: [kzhazira95k@mail.ru](mailto:kzhazira95k@mail.ru)

## МАВЗОЛЕЙ АЙША БИБИ – ЖЕМЧУЖИНА КАЗАХСКОЙ АРХИТЕКТУРЫ

**Аннотация.** В статье рассказывается о выдающемся памятнике архитектуры XI-XII веков, древнем архитектурном образе Казахстана, мавзолее Айши-Бибид и его архитектурном облике. Краткое описание особенностей мавзолея, надписей и орнаментов на его внешнем виде, уникального архитектурного облика мавзолея, его композиционного решения и красоты.

**Ключевые слова:** мавзолей Айши Биби, архитектурный образ, архитектурная форма, архитектурное направление, мемориал, терракотовая упаковка, терракотовая плитка, декоративный материал.

**Е.К. Duisebay<sup>1</sup>, Zh.K. Kenzhe<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup> Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan

**Information about authors:**

Duisebay Esbolat Kulsabyruly – Architecture Doctor, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

<https://orcid.org/0000-0003-4811-1060>, e-mail: [d\\_esbolat\\_k@mail.ru](mailto:d_esbolat_k@mail.ru)

Kenzhe Zhazira Kuatbekkyzy – undergraduate of the Department of Architecture, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

<https://orcid.org/0000-0003-1373-7952>, e-mail: [kzhazira95k@mail.ru](mailto:kzhazira95k@mail.ru)

## AISHA BIBI MAUSOLEUM IS A PEARL OF KAZAKH ARCHITECTURE

**Abstract.** The article tells about the outstanding monument of architecture of the XI-XII centuries, the ancient architectural image of Kazakhstan, the mausoleum of Aisha Bibi and its architectural appearance. A brief description of the features of the mausoleum, inscriptions and ornaments on its appearance, the unique architectural character of the mausoleum, its compositional solution and beauty.

**Keywords:** Mausoleum of Aisha Bibi, architectural image, architectural form, ornament, architectural direction, memorial, terracotta packaging, terracotta tiles, decorative material.